

Ш. Мажитаева, А.Ы. Сейтім, Н.Б. Жанузаков

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: S\_mazhit@mail.ru)*

### **Ақселеу Сейдімбек шығармаларының тілдік ерекшеліктері**

Мақалада Ақселеу Сейдімбек шығармалары тілдік тұрғыдан талданып, оның сөздік қолданысы сараланды. Жазушының шығарма жазудағы ерекшелігі мен оның көркемдік стилі жан-жақты сипатталды. Қаламгердің сөз саптаулары мен олардың тілдік-эстетикалық бояуларының көрінісі талданды. Жазушы тілін зерттеу арқылы оның қазақ тілінің сөз қолданысы мен тіл байлығын дамыту жолдары анықталды. Автордың тілдік құрылым жүйесі лингвостилистикалық тұрғыдан зерттелді. Сонымен қатар шығарманы тілдік тұрғыдан талдау туралы зерттеулерге шолу жасалды.

*Кілт сөздер:* сөз, тілдік талдау, жазушы, стиль, стилистика, сөздік қор, лексика-грамматикалық, автор тілі, морфология.

Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктердің бірі тіл байлығы екендігі мәлім. Көркем шығармада қолданылмайтын сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер аз. Кез келген шығарма тек қана авторлық баяндаудан ғана емес, кейіпкер тілінен де тұрады. Ал кейіпкерлер әр жастағы, әр мамандықтағы, білімдері де әр түрлі деңгейдегі адамдар болып келетіндігі белгілі. Сондықтан да әрбір нақтылы көркем шығармада кейіпкер сөзінің өзіне тән әлеуметтік-психологиялық сипаттамасы болады. Кейіпкер тілінде кәсіби сөздер де, жергілікті тіл ерекшеліктері де, жаргондық сөздер де ұшырасып отырады. Көркем әдебиет стилінің екінші бір ерекшелігі – оның көп стильді болып келетіндігі.

Зерттеушілер жазушылар көркем шығармадағы жалпыхалықтық тілдің негізгі сөздік қорын, сөздік құрамын, тілдегі мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді, қанатты сөздерді қаншалықты қалай пайдаланды, оларды қаншалықты, қалай байытты, ұстартты, оның сол байыту, ұстартуы қаншалықты заңды, жарастықты соны тексереді. Өйткені тіл – көркем шығарманың негізгі элементтерінің бірі, жазушының негізгі құралы. Демек, адам ойын, сезімін, әсерін, ісін жазушы осы арқылы бейнелейді.

Қай сөздің қаншалықты көркемдік деңгейіне көтерілуі оның лексикалық мағынасы мен жазушының рухани өрісіне байланысты. Сондықтан әрбір жазушының өзіндік сөз қолданысы болады. Мәселен, Ақселеу Сейдімбек шығармалары тілінде әр түрлі сөз қолданыстарын байқай аламыз [1; 32].

Әдетте, кейбір жазушы шығармаларында «тіл» деген сөз «қызыл тіл» деп қолданылады. Ал, Ақселеу Сейдімбек «тіл» сөзін өз шығармасында былайша суреттейді:

*Қара тіл, қанжар тұяқ, қанға тоймас,  
Қанша керіп тұрса да алмай қоймас.  
Шұбар тұяқ жиренді тауып салсаң,  
Ердің құнын берсең де басын жоймас.*

А. Сейдімбек шығармаларында одағай сөздерді көп кездестіреміз. Жазушы кейіпкердің тұлғасын ашу мақсатында оларды барынша мол қолданады.

– *Пай-пай, мына шұбар да мал деуге аузы бармайтын жануар екен!* («Аққыз»).

– *Бәрекелді, бұған тең келер өзен болса, осынша жанды әуре-сарсаңға салып, қыруар куш, қаншама шығын жұмсап, былайша тырбанбас едік қой* («Атамекен»).

*Ойбай-ау, мына сияқты мығым қос топшысы бар, мына сияқты жалпақ қанаттары бар бүркіт тегі осал бола ма, осал болып еңбегіңді еш қыла ма?* («Ақиық»)

Сонымен қатар жазушы шығармаларында еліктеуіш және бейнелеуіш сөздерді пайдаланып, ойнақы өрнек, айшықты кестелер жасайды.

*Тек қана босағаға сүйелген жез леген қатқыл дауыстан шың-шың еткені болмаса, үй іші үрейлі, тым-тырыс меңіреулікте қарая үңірейіп тұра берді* («Қыз ұнатқан»).

*Аз сәтте айыл-тартпаларын шірей тартысып, ақ бауыр сойылдарын ыңғай ұстасып, сарт-сұрт атқа міністі* («Аққыз»).

Ақселеу өз шығармаларында фразеологизмдерді де ұтымды пайдалана білді. *Әдеттегідей, жер аяғы кеңіп, мал тойына бастасымен-ақ, аралбай-тарақты елдерінің аралас-құраласы молайып, жөн-жоралғының көбейген шағы. Өзі де алапаты артық, мысы жеңбей қоймайтын, адамзаттың сұлуы еді-ау!...Түнқатардың әкесі бар өмірін байдың есігінде өткізген, қой аузынан шөп алмайтын, құдай деген адам болатын.*

Ақселеу Сейдімбек «Бүркіт» деп аталатын әңгімесінде құсбегілікке қатысты теминдерге жеке-жеке тоқталып, оларға анықтама береді. Соның ішінде ол құс жемінің түрлеріне ерекше тоқталады. Шығармадағы «қансоқ», «қызыл», «тартпа», «сарбөртпе», «тоят», «үрген өкпе», «боз өкпе» секілді терминдер әңгіме барысында бірнеше рет қайталанады.

А. Сейдімбек өз шығармаларында халық тілінде қалыптасқан эпитет, тенеу, әсірелеулер мен литоталарды жиі әрі ұтымды жұмсап, тілімізді байытумен ерекшеленеді. Әдеби шығармалардағы осы бір түсініктер бір-бірінен ерекшеленіп, тілдегі, әдебиеттегі қызметтеріне сай жазушы шығармаларында қоланылады. Мәселен, тенеудің тілдегі қызметі жайында ғалымдар нақты пікірлер айтады. Яғни тенеу дегеніміз – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Әр нәрсені салыстыру негізінде жасалатын бейнелі сөздер, туынды мағыналы сөздер, құбылту түрлері аз емес [1; 53].

*Енді міне, қазір де сол әдет айсыз қараңғыда аш бөрідей тау жебелетіп, жортуылға алып шығып еді* («Аққыз»).

*Елім деп еңіреген ерлер осынау найзадай тік біткен, жалаңаш, жалғыз биіктің түстік жақ сауырын жалдап шығып, қарауыл қарайды екен* («Талға біткен жалбыз»).

*Қозы өрісіндей ғана жерге жайылған бұлақ табанының көкорай шалғынына ірге тиістіре, шүпірлей қонысқан.*

*Аққыздың ақыл-көркіне таңдай қағып, Наймантайдың жігіттік өнеріне бас иіп, ауыздан ауызға әдемі аңыздай әңгіме таралып жатты* («Аққыз»).

*Шығар күндей шындықты әлдеқашан ұмытып кетіп, енді ғана еске түсіргендей* («Бір атым насыбай»).

Жазушы өз шығармаларында тенеуді қолдану арқылы табиғат көріністерін, тұрмыстық жайларды, кейіпкерлердің психологиялық халін оқырман қауымға әсер етерліктей етіп беруге тырысады.

Сонымен бірге А. Сейдімбек эпитеттің көмегімен сөзге көп мағына сиғызып, автордың кейіпкерге, оның іс-әрекетіне, кейіпкердің кейіпкерге іс-әрекетіне көзқарасын ұтымды шебер береді. Жалпы эпитет дегеніміз – заттың, не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдеретін бейнелі сөз. Эпитет ұғымға, нәрсеге бейнелілік, нақтылық сипат береді.

Автор кейіпкерге мінездеме беру мақсатында эпитеттерді жиі әрі ұтымды пайдаланады. Мәселен: *Сол «алтын күрек» жел де биыл қыс қаһарына мініп, қар бекіген кезде соғып еді* («Тәтті тіршілік»). *Сары сағыз боп кепкен қайыңның безіндей қатты, етсіз тықыр басы сүйірлене, әдеттен тыс ұзын көрінеді* («Зерде»). *Шілде айының буалдыр сағым ойнаған сәскелік кезі болатын* («Көңіл шіркін»). *Көп жасаған жасымен емес, көпті көрген басымен төңірегіне қадірі артқан көне көз адамның қазасына аяқ жетер жер құлақтанып, өрел айтушылар ағылып келіп жатты. Ақыры, не керек, содан қашан өз қолы аузына жеткенше, осы тесік өкпе болып көрмегені жоқ* («Бір атым насыбай»).

Е. Жанпейісов көркем әдебиет стиліне тән сөздерді 4 топқа бөледі. Ол сөздер шоғыры Ақселеу Сейдімбек шығармаларында да атқаратын қызметі зор екендігі белгілі. Автор шығармаларындағы бейнелі сөздерді Жанпейісовше талдасақ:

- 1) стильдік қызметіне қарай көпшілік қолды сөздер: *су, қозы-лақ, аспан, тіл* т.б.;
- 2) поэтикалық кестелі сөздер: *көңіл, сезім, қажыр-қайрат, күлкі* т.б.;
- 3) қарапайым сөздер;
- 4) диалектизмдер: *леген, насыбай* [2; 116].

А. Сейдімбек кейіпкер тілін, кейіпкер мінезін еркін жеткізу мақсатында, әрбір диалог барысында қаратпа сөздерді қыстырып отырды. Оған мысал:

- *Сыздеке, қыраныңыз құтты болсын!*
- *Ей, Мұса, Кекшіліңнің қызығын көп көрдің ғой сен.*
- *Мұсеке, адам қартайғанда бір бала дейді ғой* т.б. [3].

Жалпы жазушының халық тіл байлығын жетік меңгергенін байқатуда, көркем шығармаларда типтік образ жасауда, жеке кейіпкердің тілдік ерекшелігін аңғартуда жоғарыда аталған мәселелердің маңызы зор. Көркем шығарманың мазмұны ондағы кейіпкерлердің іс-әрекетін айшықты сөзбен бейнелеп, суреттеп көрсету арқылы түсініледі.

Фразеологизмдер – көркем шығарма тілінде образды бейнелі реңк беру, эмоционалды-экспрессивті бояуын арттыру мақсатында қолданылатын тілдік бірліктер. «Ақын-жазушылар өз туындыларын жазу үстінде жаңа грамматикалық форма іздеп отырмасы анық, өзіне таныс стилін, қолтаңбасын қай сөйлем мүшесін жиі қолдануын, сөз байланыстарының қандай тәсіліне жиі жүгінетіндігінен гөрі, бірден көзге ұрып тұратын және жиі пайдаланатын формалардан іздегені жөн». Осы дайын материалды әр қаламгер әр мақсатта қолданып, шығармаларын әрлендіре түседі. «Тұрақты тіркестер – әдеби тілдің ілгері даму барысында қалам қайраткерлерінің әрекеті арқылы жанданған әсем кестелер. Олар – сөз зергерлерінің ой-түйінін ықшамдап аңғартатын жинақтылықтың үлгісін көрсететін көркемдік құрал. Тұрақты тіркестерді қай жазушы болса да өз шығармасында қажетіне қарай қолданады», – деп ғалым М.С.Серғалиев айтқандай, — бұл зерттеу жұмысымызда көркем прозадағы фразеологизмдерді авторлар өз туындыларында халық тілінің бай қазынасынан көркем сөздің алуан түрлі өрнектерін мақсатты ойларына лайықтап алып отырғандығын байқаймыз [2; 121].

Фразеологизмдерді А.Сейдімбеков «Аққыз» повесінде мағынаны әсерлеу, суреттеу, көркемдеу қызметінде шебер, ұтымды, өнімді пайдаланған. *Бәрінің де артында ат бүйірін соқпастай етіп жасаған арқалығы келте қоржын. Әкесі Сүтемген осыдан үш жыл бұрын дүние салғанда дөңгелек дәулетінің иелігі – соңынан ерген жалғыз тұяғы Наймантайға тиген. Жүрегінде жылт еткен шоғы бар жігіттің шет қалуы мүмкін де емес еді. Сөз ыңғайында Аққыз әке кіндігінен жалғыз екенін, біраяғы жерде, бір аяғы көрде отырған сол әкенің қас-қабағына көп қарайлайтынын, айтпесе елден ерек тірлік құруды әуезе көрмейтінін бір сыр қылып айтып өтті.*

– *Жігіттер, Қарағашқа келіп қалдық, — деді Наймантай қоңыр даусы онша көтермей, — бұл тұстан малды ауыл да қозы көш жерден аспас. Кешікпей-ақ, Қарағаштың қалың ағашы тымық түнде қарауыта мүлгіп, көрдей қараңғы қойнына мезгілсіз жүрген жолаушыларды сіңіре берді («Аққыз»).* Сонан соң айналасындағы *аяқ жетер жерді шашырай шолып қайтысты.* Осы мысалдардағы фразеологизмдерді стильдік бояуы, қолданылуы тұрғысынан ауызекі сөйлеу тілінің және қарапайым фразеологиялық тіркестер қатарына жатқызуға болады [2; 85].

Тұрақты тіркестер шығарма тіліне айрықша көрік, ұтымды мазмұн, ұлттық колорит береді. Халық тілінің бұл қат-қабатты қазынасына барлау жасап, көзін табу – жазушының шеберлігіне байланысты. Фразеологизмдердің көркем шығармада атқаратын функциясы – бейне жасау. Кейіпкерге тілдік сипаттама беруде, кейіпкерді мінездеу, белгілі бір жағдайға қорытынды жасау қызметінде жиі жұмсалады. Шығарма авторлары белгілі бір ұлт өкілі ретінде халықтың ғасырлар бойы ұлттың санасына жинақталған, сақталған тұрақты тіркестерді еркін игереді. Сол еркін игерілген дүниеден жазушының жеке тұлғасының дүниетанымына, психологиялық санасына сай, тілдегі сөздерді ойната отыру мәнеріне сай, өзіндік қалыптастырған стиліне сай авторлық фразеологизмдер туады. Фразеологизмдер жазушы дүниетанымы мен шеберлігінен шыңдалып шығатын асыл қазына.

Акселеу Сейдімбек фразеологиялық тіркестерді сөйлем ішінде қолданғанда, көбінесе бастапқы тұлғасын сақтайды. Мәселен, *Таң атты. Түні бойы иненің үстінде жатқандай, кірпік ілмеген жігіт, мыж-мыж күйінде балконға шыққан («Аққыз»).* Мұндағы «кірпік ілмеу» — ұйықтамау ұғымын береді. Кейіпкерлер тілінде *кездесетін мысы басым, салы суга кеткен, сағы сынған, қуанышы қойнына сыймай, сағыныштан сарғайып, бауырын көтерді, ат үстінде ұйықтады, қаны қарайды, қаны басына шапты, шыбын жаны қалмады, өзегі талды, қысыр әңгімеге ілікті* деген сияқты тіркестердің экспрессивтілігі жоғары.

Шығарма идеясының айқындалуы, тілінің көркемділігі, үйлесімділігі мен әуезділігі, шеберлігі онда қолданыла білген бейнелі фразеологизмдерге де байланысты.

Тұрақты тіркестер авторлық өзгерістерге де ұшырайды. Жалпыхалықтық қордағы тұрақты тіркестердің мазмұны өзгеріп, кейде өңделіп те қолданылады. Бұл тілдегі сөз байлығын қолданудағы стилистикалық тәсілдерге байланысты. Әр қаламгер осындай тәсілдер арқылы тұрақты тіркестерді көркемдік, стильдік мақсатқа орай пайданылады. А.Сейдімбек шығармаларында салтанатты көтеріңкі күйді, алғыс және қарғыс мәнді, жоқтау және сықтауды, өкініш және қайғы т.б. түрлі фразеологизмдерді кездестіреміз [2; 94].

Сонымен, олардың көптігі сонша фразеологизмдерді тіпті топтастырып қарауымызға да болады. Мысалы:

1. Көңіл-күйге қатысты фразеологизмдер: *салы суға кетті, наза болды, қапа болды, жабырқау тартты, қабағы салық* т.б.

*Жігіт егде әйелдің самбырлап сөйлеген әңгімесін зауқы соқпай тыңдап отыр еді, есіктен кірген қыз оны қуантып сала берді. Жалаң бас бала шықты да күлімсіреген қалпы бұған қарай жақындай түсті, міне, тура жанына келіп тұрды; тәңірім-ау, қайдан көрді бұл баланы... есіне түспей қапа болды* («Ақкыз»).

*Зауқы соқпай* деген тұрақты тіркес *еш нәрсені қаламады, ықыласы жоқ, ықыласы түспеді* дегенді білдіреді. *Қапа болды* – *уайымдады, ойы самарқауланды, уайымдады*.

2. Уақытқа байланысты тұрақты тіркестер: *зауалды шақ, зауалды күн, қаралы күн* т.б.

*Қол шатырлы қыз: Сұрқай жүзі, суық қысы, сұмдық адамдары, қаралы күні жоқ мына елде.* («Бір атым насыбай»).

1. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» бұл тіркестердің мағынасы былайша ашылады:

*Қаралы күн* – *марқұмды азалау уақыты, жоқтау мезеті.*

*Зауалды күн* – *жауап берер сәт.*

3. Қарғау-сілеу тұрақты тіркестері: *желкең қиылғыр, көсегең көргермесін, қара жамылғыр* т.б.

Қаламгер шығармаларында қарғыс мәнді фразеологизм кейіпкер тілінде қолданылып отыр.

– *Кешіріңіз, асығыс айтылған өз пікірімді өзіме қайтарыңыз, – деді қыз: қара жамылғыр деп сөгуіңіз орынды емес* («Боран»).

*Қара жамылу* тұрақты тіркесі жақыны қайтыс болғанда айтылатын сөз тіркесі.

4. Іс-әрекетке байланысты фразеологизмдер: *қабағын керді, сәлем берді.*

*Алғашында қабағын керіп, меңірейіп, көзін ашып тұрып қалды. Қабағын керу* – «маңғаздану», «ойнау» деген мақсатта жұмсалған.

Келтірілген мысалдардағы қарғыс мәнді фразеологизмдер кейіпкер тілінде қолданылып, қаһарманның сол сәттегі көңіл-күйін, ашу-ызасын, сезім иірімдерін көрсетеді. Фразеологизмдер кейіпкер сезімін, көңіл-күйін, хал-жағдайын ерекше әсермен жеткізеді. Бір сөйлемдік контексте бес-алты тұрақты тіркестердің басын құрап, тұжырымды түйін түйю – қаламгердің халық тілін терең меңгеріп, оны орынды қолдана білу шеберлігі жоғары [2; 63].

А.Сейдімбек шығармаларындағы бұл тұрақты тіркестер шығарма тілінің көркемдігі арттырып, кейіпкер бейнесін нақтылау, әлеуметтік ортаны суреттеу, шығармадағы бір кейіпкерді басқа кейіпкерден даралап көрсету мақсаттарында қолданғаны анықталды. Фразеологизмдер кейіпкер тілінде тілдік стилистикалық құрал ретінде көрінсе, автордың қолдануы арқылы жағдайдың жан-жақтылығы нақтыланып, образдылығы сан құбылып, суреттілігі сезім мен бағалау айқын ұштасып көрінеді. Фразеологизмдер тек мағынасына қарап қана шартты түрде сөз таптарына топтастырылатыны белгілі. Мысалы: «үялу» – *бетінен оты шығу, өлмегенге қара жер, өлген жері осы, кір келтіру, беті күйе, жер шұқу, жүзі шыдамау, құлағының ұшына дейін қызару* т.б. бір сөз табына топтастыра алмаймыз. Мағыналас фразеологизмдер Ақселеу Сейдімбек шығармаларында қатар-қатар орналаспа да, олардың көбісі түгелдей айтылмай, ықшамдалып жұмсалған.

Р.Сыздықова «белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тану ерекше орын алады» деген пікір айтқан болатын. Ақселеу шығармаларындағы *аяғына тұсау байлады, бес саусақтай білді, жар дегенде жалғыз, қапы жібермеді, барымталыққа барды, қадам басты, зар болды, қабақ шытты, жынын қағып алды, белді қынай буынды, белін жазды, жеп қоя жаздады, көңілі жарқын, жым болды, құдай сүйер қылығы жоқ, жайы салды, дес бермеді* сынды тұрақты тіркестер автор сөздерінің мол қолданысын көрсетіп тұр.

Акселеу Сейдімбек шығармаларында авторлық өзгеріске түскен тұрақты тіркестерде кездеседі. Және олардың әрқайсысы өзіне тән стильдік жүгін аркалап тұр. Акселеу фразеологизмдерді трансформациялап қолдануда үдете, бояуын қалыңдата беру тәсілі ерекше көзге түседі. Кейде автор қалыпты фразеологизмдердің құрамына жеке бір анықтауыш сөз қосады. Және ол жаңаша мән-мағына үстейді. Акселеу Сейдімбек өз шығармаларында окказионал фразеологизмдерді аз қолданған. Олардың қалыптасқан мәтін түріне негізделген фразеологизмдер. Окказионал фразеологизмдердің түрлері бір ғана құрылымдық-семантикалық инвариант шеңберінде пайда болады.

Жекелеген нақты фразеологизмдердің ерекшелігі, фразеологиялық модель (қос сөздер, салыстырмалы конструкция) окказионалды фразеологизмдер жасайтын лексикалық материалдармен толықтырылады. Окказионал фразеологизмдер, әдетте, авторлық фразеологизмдермен түсіндіріледі. Бір көркем шығарманың негізінде көрінетін окказионал фразеологизмдер әдеби тілге еруге талпыныс жасамайды.

Акселеу шығармаларындағы фразеологизмдерді үш топқа бөліп қарастыруымызға болады:

- 1) есімді фразеологизмдер;
- 2) етісті фразеологизмдер;
- 3) әр түрлі сөз табынан болған фразеологизмдер [4; 87].

Сонымен, А. Сейдімбек романындағы фразеологизмдердің лексика-грамматикалық жіктелісін төмендегідей саралайық:

Есімді фразеологизмдер:

*берен мылтық*

*зар заман; кәрі жілік; байғұс; нақақ жала; сый-сыпат; теке сақал; май боран; май шелтек; масыл; ащы шындық; суық көр; кәрлен кесе; талақ т.б.*

Мысалы, *Тура айтқанды сүйетін, өзі де қайратқа, қимылға бой ұрған, ерекше адам еді, байғұс* («Аққыз»).

Есімді фразеологизмдер аты айтып тұрғандай зат есімнен болады.

Етісті фразеологизмдердің ерекшелігі модель құрамының, негізінен, зат есім-етістік болып келетіні бәрімізге аян.

Әр түрлі сөз табынан болған фразеологизмдер құрылымы жағынан күрделі болып келеді. Жазушы шығармаларындағы фразеологизмдердің екі, үш, төрт, бес көп компонентті құрылымдық-типологиялық жіктелісі ерекше қолданыста жасалған [4; 113].

Акселеу Сейдімбек шығармаларындағы фразеологизмдердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері фразеологизмдердің құрамындағы компоненттеріне тікелей байланысты. Акселеу шығармаларындағы узуалдық қолданыс ыңғайындағы жұмсалатын, бірінші тәсілдегі халықтық фразеологизмдер нағыз мәнерлегіштік, бейнелілік қасиетте жұмсалады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Мажитаева Ш. XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі / Ш. Мажитаева. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. — 234 б.
- 2 Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар / А. Сыбанбаева. — Алматы: Санат, 2002. — 231 б.
- 3 Сейдімбек А. Аққыз / А. Сейдімбек. — Алматы: Атамұра, 2002. — 456 б.
- 4 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы / С.Исаев. — Алматы: Ана тілі, 1996. — 322 б.

### Ш. Мажитаева, А.Ы. Сейтім, Н.Б. Жанузаков

#### Языковые особенности произведений Акселеу Сейдимбек

В статье исследованы языковая специфика, особенности словоупотребления в произведениях Акселеу. Подробно изучены стилевые приемы, используемые писателем, описаны особенности создания произведений. Проанализированы высказывания писателя с точки зрения их языковой и эстетической окраски. В результате исследования определены наиболее специфичные словоупотребления в произведениях Акселеу Сейдимбек, раскрывающие лексическое богатство казахского языка.

*Ключевые слова:* слово, языковой разбор, писатель, стиль, стилистика, словарный запас, лексико-грамматический, язык автора, морфология.

Sh. Mazhitaeva, A.Y. Seytim, N.B. Zhanuzakov

**Language features of the works of Akseleu Seydimbek**

The article considers the language features of the works of Akseleu Seydimbek. There is a division from the point of view of the language, as well as an analysis of the peculiarities of the verbal consumption of the works of Akseleu. Various features of the writer are described in writing a work, as well as its artistic style. The statements of the writer's judgment and the manifestation of his linguistic-aesthetic colors are analyzed. Exploring the language of the writer is determined by his verbal use of the Kazakh language, as well as the ways of developing linguistic wealth. Linguostylistic analysis is carried out to the language structure-the author's system. Also, a review of the author's research on the analysis of the work from a linguistic point of view is conducted.

*Keywords:* word, language analysis, writer, style, stylistics, vocabulary, lexical-grammatical, author's language, morphology.

**References**

- 1 Mazhitaeva, Sh. (2004). *XX hasyr basyndahy kazak adebi tili [Kazakh literary language in the beginning XX Centuries]*. Karaganda: KarMU baspasy [in Kazakh].
- 2 Sybanbaeva, A. (2002). *Metaforanyn tildik bolmysy zhane kontseptualdy metaforalar [The linguistic essence of metaphor and conceptual metaphors]*. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 3 Seidymbek, A. (2002). *Akkyz [Akkyz]*. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 4 Isaev, S. (1996). *Kazak adebi tilinin tarikhy [History of the Kazakh literary language]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].